

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Зейнетақы алуға уақытында жүгінбеген 8 мың қазақстандық зейнеткер қазір төлемдерін алуға

***БЖЗК «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп, жыл сайын зейнеткерлік жасқа толған және БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар тұлғалар бойынша салыстырып тексеруді жүзеге асыруда.***

Салыстырып тексеру барысында БЖЗК мамандары зейнеткерлік жасқа толған және мемлекеттік бюджеттен зейнетақы алатын адамдарды БЖЗК-дан зейнетақы төлемдеріне өтініш білдіру қажеттігі туралы хабарлар етеді.

Маңызды сәт: жасы бойынша зейнетақы және мемлекеттік базалық зейнетақы тағайындау үшін, сондай-ақ, БЖЗК-дан міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу үшін азаматтар бірыңғай өтінішпен және құжаттар топтамасымен тек «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығына хабарласулары қажет.

Алайда 2018 жылға дейін мұндай қызмет болмаған: азаматтар зейнеткерлік жасқа жеткен кезде жасына байланысты зейнетақы мен базалық зейнетақы алуға құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға және зейнетақы жинақтарынан төлемдер алу үшін БЖЗК-ға жеке тапсырған. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген және мемлекеттік төлемдерді ала бастаған кейбір азаматтар БЖЗК-ға төлем алуға өтініш білдірмеген.

Дәл осындай жүгінбеген тұлғалар бойынша БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін Мобильді азаматтар базасында тіркелген Мемлекеттік корпорацияның 1414 Бірыңғай нөмірінен телефон нөміріне **sms-хабарлама жіберу арқылы** жұмыс жүргізілуде. Мұндай хабарламаларды алған тұлғаларға жауап хабарлама жіберу жеткілікті. **БЖЗК немесе ХҚКО-ға басқа да қосымша өтініштер мен құжаттарды тапсыру талап етілмейді.**

Бұдан әрі БЖЗК-дан төленетін төлемдер жасына байланысты зейнетақы төлемдерімен бірге бұрын мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау кезінде Мемлекеттік корпорацияға ұсынылған банк шоттарына есептеледі.

Бұл ретте БЖЗК-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен мерзімі алушының жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығына байланысты.

БЖЗК-ның төлем алуға өтініш білдірмеген зейнеткерлерді іздеу және хабарлау бойынша жүргізіп жатқан жұмыстардың нәтижесінде ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне 8 мыңға жуық адам өздерінің зейнетақы жинақтарынан төлемдер ала бастады.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*